

# АИҚЫН

КӨСЕМДЕРДІҢ ҚҰПИЯ КЕҢЕСШІЛЕРІ



**Мемлекетті армия мен флот қана емес, жұлдызшылар мен экстрасенстер де қорғауға атсалысады. Мәселен, кешегі келмеске кеткен КСРО-ның мүддесіне ондаған жылдар бойы ақ және қара магияшылар, телепаттар, гипнозшылар қызмет етіп келген екен.**

Алдымен арғы тарихты сөз етсек, ертедегі хандар мен әміршілердің жандарына ақылгөй кеңесшілермен қатар көріпкел диуаналар, көзбояушылар, бақсы-балгерлер ұстағаны жайында тарихта көптеген деректер бар. Соның бірі Абылай ханның Жалаңаяқ Өздер атты әулиесіне қатысты. Абылай хан қырғызға қарсы соғыс ашқанда, Жалаңаяқ Өздер жерден бір уыс топырақ алып, жауға қарсы шашып жібергенде, жаудың алдын қалың тұман басып, түк көрмей жеңіліске ұшырағаны жайында тарихта ауызша, жазбаша әңгімелер сақталған. Бұл оқиғаны ақын Шәді Жәңгірұлы да жырға қосқан.

Әйгілі Ш.Уәлиханов былай дейді: «Бұқар жырау ханның жанында кеңесшісі ғана емес жол ашып отыратын батагөй ақсақалы болған. Жорыққа шығар алдында Бұқардан жолының болар болмасын немесе шайқас-тың тағдыры қалай аяқталатынын сұрап отырған. Қиын жағдайда қалғанда әскерге қуат дем беріп қана қоймай, жағдайдың қазақ жасағы пайдасына шешілуіне ықпал еткен. Абылай хан жоңғарларға қарсы жорықтарының бірінде Жанатай батыр мен Қанжығалы Бөгенбай батырды мың сарбазбен барлауға жібере-ді. Барлауға кеткен батырлардың ұзақ уақыт оралмауын жаман ырымға балаған Абылай Бұқар жыраудан батырларға не болғанын сұрайды? Сонда Бұқар жырау батырлардың көп олжамен оралатындығын болжайды» десе, Мәшһүр Жүсіп: «Абылай хан бір жаққа аттанарда Бұқарекенді алдырып, айдың, күннің сәтін сұрайды екен, сәуе көріп дейді екен. Сонда Бұқарекен: – Сары бура келіп, сенің туыңның түбі-не тұрып, пәлен жаққа қарай шабынды, – дейді. Сол айтқан жағына бет алып аттанса, шауып, жаншып алып келеді екен. Егер Сары бура келіп, туының түбіне шөгіп, мойнын салып жатып алды десе, аттанбайды екен», – дейді.

Бұл енді есте жоқ ескі заман. Өзімізге жақын уақытқа ойыссақ, бойында ерекше қасиеті бар жандарды арнаулы қызмет өкілдері іздеп тауып, мемлекеттің қызығушылығына қызмет етуге, оның ішінде қиын сұрақтарды шешу ісіне тартып келе жатқалы кемінде бір ғасыр уақыт өткенге ұқсайды. Хрущевтің тұсында экстрасенстер оның жеке басын қорғау қызметіне арнайы кіріссе, Брежнев пен Горбачев заманында парапсихологтарды партиялық элитаны емдеу ісіне қолданыпты. Қазір тіпті әлемдегі ірі компаниялардың бәрі де әлгіндей астральді қамқорлық аясында деседі.

1985 жылы жазда жастар мен студенттердің халықаралық фестивалі басталар алдында Мәскеу метрополитеніндегі «ВДНХ» стансасында жарылыс ұйымдастыру жоспарланғаны жайында ақпарат тарайды. Әлгі стансадағы құпия техникалық кабинетте Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті өкілдері мен әскери барлау қызметінің өкілдері бас қосып, сағат сайын біріккен жиналыс өткізеді. Ал түнде метро жұмысын тоқтатқанда бос стансаның залында екі барлаушы, анығын айтқанда қос экстрасенс қалып жұмыс істейді. Олар әр бұрышты тінтіп, қолдарын ербеңдетіп, алқандарымен мина іздейді. Ертеңіне олар жиналыста «Бұл жер таза. Ештеңе жоқ және болмайды да. Біз көріп тұрған жоқпыз» деп баяндайды. Барлау жұмысына тартылған экстрасенстер қорытындыда қателеспеген, Мәскеу метросында Батыста жоспарланған теракт болған жоқ. Ал олар оны қалай жолын кесті – белгісіз.

Бойында ерекше қасиеті бар жандардың Бас барлау басқармасымен қоян-қолтық жұмыс істегені НКВД заманынан бермен белгілі. 1923 жылдан бастап сол кездегі билік НКВД-ның барлау мектебінде сабақ берген Александр Барченко деген профессорға ірі көлемдегі қаражат төлеп тұрыпты. Бұл профессордың аса маңызды ақпаратты қа-ру қолданбай-ақ, ойдың, гипноздың, психологиялық іс-әрекеттің нәтижесінде қолға түсіре алатын қасиеті

болған. Барченко 1929 жылдан бастап НКВД-ның 3-бөлімшесін жасақтап, оған бойында ерекше қасиеті бар жандарды топтастырады. Соның арқасында кейіннен олар тіпті атом қаруын жасау технологиясын уыстарына түсіреді. Авторы белгілі физиолог Леонид Васильев болып келетін арнайы әдістеме бойынша жас жігіттерді байланыссыз ұрысқа дайындап, қарсыласты көрмей-білмей-ақ қалай қорқытып-үркіту арқылы басымдыққа ие болуға үйретеді. Осылайша, 1930 жылдың ортасына қарай КСРО-ның НКВД-сі жүздеген психофизикалық мүмкіндіктерге ие барлаушылармен толығады. Оларға кез келген адамның сеніміне ие болып, өзінің еркіне бағындырып алу еш қиындық тудырмайды. Жез мұрт көсем Сталиннің Ұлы Отан соғысы кезіндегі кеңесшісі әйгілі Вольф Мессинг болған. Өзінен басқа ешкімге сенбейтін сақ Сталиннің оған иланған-иланбағанын білмейміз, бірақ Мессинг 1942 жылы-ақ жоғарғы бас қолбасшыға Берлиннің құлайтын күнін дәлме-дәл айтып беріпті. Сталиннің баласы Василий 1950 жылы бүкілодақтық хоккей командасымен бірге Свердловскіге ұшпақ болғанда, ол мінген ұшақтың жарылатынын Вольф Мессинг көсемге алдын ала ескертеді. Шынында да, ұшақ қонуға бет алғанда жарылып кетеді, бәрі қаза табады. Тек Сталиннің баласы аман қалған. Никита Сергеевич Хрущев жеке бас күзетіне төрт бірдей экстрасенсті қызметке алды. Берияның тұтқындалу тарихынан кейін Хрущев партиялас серіктерінен қатты сескенетін болған, сондықтан парапсихологтар көсемге өздерінің болжамдарын тұрақты түрде ұсынып отырған.

Хрущевті орнынан оңай сырғытып жіберген Леонид Ильич Брежнев экстрасенстерді өзінің күзетіне алмағанмен, олардың қызметінен бас тартпапты. КСРО ғылым академиясының мүше-корреспонденті Спиридонов басқаратын алты адамнан тұратын жұмыс тобын құрып, олардан ішкі саясаттан бастап өзінің жеке қауіпсіздігіне қатысты болжамдарын апта сайын талап етіп отырған.

Осыған қатысты бір фактіні келтіре кетелік. 1969 жылы 22 қаңтарда Генсекке қастандық жасалатынын құпия ілімге ие мамандар бір ауыздан қайталайды. Сондықтан Брежневке ғарышты бағындырған батырлармен бірге бір көлікте жүруге болмайтыны ескертілген. Генсек өзінің қозғалыс маршрутын өзгертіп, барар жеріне қауіпсіз жолмен жетеді де, оқ ғарышкерлерге қарсы атылады. Болжам жааған топ мүшелері мемлекеттік дәрежеде марапатталып, жайлы пәтерлер мен көліктерге ие болады. Борис Ельциннің басқаруы кезінде оның бас күзетшісі көріпкел Иван Фоминмен үнемі жеке байланыста болғаны, оның ресейлік тұңғыш президентке қатысты оқиғаларды дәлме-дәл болжап отырғаны айтылады.

Ресейдің қазіргі президенті Путиннің Кремльде жеке парапсихологтар мен экстрасенстер орталығы жұмыс істейтін көрінеді. Ондағы мамандардың дәл немен айналысатыны бізге белгісіз. Әйтеуір олардың жұмысы түрлі деңгейдегі саяси сұрақтардың жауабын тауып, басқа мемлекеттермен жоғары деңгейдегі байланыстарды орнатуға бағытталатыны анық. Атақты ЦРУ қайбір жылы шпиондық барлау қызметіне көріпкелдер мен экстрасенстерді пайдаланып келгенін мойындады. Кезінде АҚШ-тың әскери барлау қызметі көріпкелдердің көмегімен Қытай мен Семейдегі ядролық және КСРО-дағы басқа да әскери құпия объектілердің қай жерде орналасқанын дәл тауып отырыпты. ЦРУ-дің тапсырмасымен әлемге әйгілі экстрасенс Ури Геллер КСРО-ның соңғы президенті, қасқа бас Михаил Горбачевқа дейін ойша сигнал жіберу арқылы дуалаған көрінеді. 1997 жылдан бастап қана ЦРУ қызметтің ондай түріне жүгінуін доғарған деседі. Бұл бір жағынан шпион-спутниктер мен тарақан мен шыбынға чип түріндегі микроқондырғы орнату ісінің кең дамығандығына да байланысты болса керек.

Сиқыршылық пен көріпкелдік, сәуегейлік бүгінде АҚШ пен Англия, Қытай, Жапония, Филиппин елдерінде «метофизикалық медицина» ретінде қарастырыла бастады. Астрология астрономия секілді ғылым болып есептелінуде. Әрине, қоғамда туғаннан

алтыншы, жетінші көзі ашылған ерекше сезімтал адамдар бар – олар бейне бір рентген-аппарат сынды біз көрмегенді көреді, біз естімегенді естиді, біз сезбегенді сезеді. Олар болашаққа пал ашу, адамды сендіру, қорқыту арқылы оны жақсылап «программалайды». Болмаса адамға бақыт, денсаулық, жақсылық тілеп, адамды жақсы ойға жетелеп, сол арқылы табысқа жетуіне жол бастайды. Адамның энергетикалық орталығына (чакра) әсер ету арқылы өміріндегі, организміндегі белгілі бір өзгерістерге жол ашады. Біз мұны жазғанда, оқырмандарға көріпкелдерді, сиқыршыларды насихаттағалы отырмағанымыз түсінікті. Онсыз да қарапайым жұртты алдап-арбап жүргендер бүгінде айналамызда жыртылып айырылады. Ғылым мұны көріпкелдер адамды сендіру арқылы бағдарлама түзіп, сол бағдарламаның іс жүзінде орындалғаны деп түсіндірген болады. Қасиетті Құранның айтуынша, кәпір жындар көктегі періштелердің әңгімесіне тыңшылық жасап, алған мәліметтерін тәуіп, бақсы-балгерлерге өтірік қосып құлақтарына сыбырлайды. Жындардың көріпкел, палшыларға жеткізген кейбір хабар-ошарлары кей жағдайда дәл келіп те жатады. Бірақ солай екен деп, экстрасенске пал аштырып, болашақты білуге әрекеттену ислам діні бойынша үлкен күнә болып есептеледі. Кәпір боласыз. Пал аштырған сайын адамның жолы ашылудың орнына қайта жабыла беретін көрінеді. Болашағын болжатқан сайын энергетикалық әлемінде жыртық тесік көбейіп, одан қара күштердің еніп кету мүмкіндігі жоғарылайды.

Қараңғы күштер бизнес, байлық пен ақша арқылы әрекет еткенді жақсы көреді. Ал оның теріс күшін мемлекеттік деңгейде шпиондық барлау қызметіне пайдаланып, қарсылас елдің әл-ауқатын әлсірету әрекеті бүгінгі әлемде астральді түрде жүріп жатқанына сену-сенбеу өз еркіңізде.

**Төреғали Тәшенов**